**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитетінің мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 қыркүйек N 1057

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңының 24-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлері қолбасшысының бас басқармасы оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлер комитеті (бұдан әрі - Комитет) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. <*>

*Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N* 607 *қаулысымен.*

3. Қоса беріліп отырған:

1) <*>

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар (1-тармақ құпия) бекітілсін.

*Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N* 607 *қаулысымен.*

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қыркүйектегі
N 1057 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитеті туралы ЕРЕЖЕ**

*Ескерту. Ереженің күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N* 607 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қыркүйектегі

N 1057 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. Құпия.

2. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының шекті штат санын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 8 қазандағы N 1018-74 қаулысына:

"Орталық органдардың аппараты" бөліміндегі республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын ішкі істер органдарының санында:

"Ішкі әскерлердің бас басқармасының аппараты" деген сөздер "Ішкі әскерлер комитетінің аппараты" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. < * >

*Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N* 607 *қаулысымен.*

4. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы N 202 қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттарында:

"Ішкі әскерлер қолбасшысының бас басқармасы", "Ішкі әскерлер қолбасшысының бас басқармасының", "Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Ішкі әскерлер қолбасшысының бас басқармасы" деген сөздер "Ішкі әскерлер комитеті", "Ішкі әскерлер комитетінің" "Қазақстан Республикасы ІІМ Ішкі әскерлер комитет" деген сөздермен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК